

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
Білім беру және гуманитарлық зерттеулер факультеті  
Тарих кафедрасы

«Бекітемін»

Кафедра меңгерушісі, т.ғ.к., доцент

м.а. А. Джумадуллаева

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2025ж.

«ТАРИХ» КАФЕДРАСЫНЫҢ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ  
ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

## 1. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру және білімгерлердің топтардағы тәрбие жұмыстары

Болашақ мамандарды даярлауда тәрбиелік ықпалдардың жүйелі, бірізді, кешенді болуын қамтамасыз ету тәлімгерлер әрекетінің негізгі бір бөлігі болғандықтан топ Эдвайзерлері топтарға тағайындалып, оқу жылына арналған тәрбие жұмыстарын бекітті.

02.09.2025 ж. кафедраның №1 хаттамасы.

Академиялық топ тәлімгері білімгерлер ұжымындағы барлық оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырушы болып табылады. Сонымен бірге ол білімгерлер ұжымының қалыптасуын зерттейді және топтағы моральдық-психологиялық ахуалды жақсартуға жағдай жасайды, тәрбие әдістерін тиімді қолдана отырып, іс-шаралар өткізудің жаңа формаларын қарастырады, білімгерлердің түрлі қоғамдық-саяси, мәдени әрекеттерге ұмтылуын тәрбиелейді, ата-аналармен байланыс орнатады.

Аталған журнал тәлімгердің еңбегін ғылыми-әдістемелік тұрғыда ұйымдастыруға бағытталған және оқу-тәрбие процессінде білімгерлердің белсенділігі жөніндегі мәліметтерді бейнелеуге арналған жұмыс құжаты болып есептеледі. Мұнда білімгерлердің оқу мерзімінің барысындағы оқу, қоғамдық-саяси, мәдени-ағарту әрекеттерінің барлық түрлері қарастырылады. Тәлімгер журналын топ тәлімгері жүргізеді, оқу жылының соңында тәрбие және әлеуметтік істер бөліміне тапсырады.

2025-2026 оқу жылында кафедраға қарасты мамандықтар бойынша төмендегі кестедегідей топ тәлімгерлері тағайындалып бекітілді. 02.09.2025 ж. факультет №1 хаттамасы.

### Эдвайзерлер тізімі

№	Эдвайзер аты-жөні	Тобы	Студент саны
1	Б.Сиздиков PhD, доцент	ТТА-411	36
2	Ш.Нурманова аға оқытушы	ТТА-311	34
3	Н.Каттабекова т.ғ.к., доцент м.а.	ТТА-211, ТТХ-211	38
4	А.Оспанова PhD, доцент м.а.	ТТА-511, 512 ТТХ-511	48

### 2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмыстарының ЖОСПАРЫ

№	Атқарылатын іс-шараның атауы	Өткізілу формасы	Мерзімі	Жауаптылар
<b>1. ҰЛТТЫҚ – ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БАҒЫТЫ</b>				
1.1	30 тамыз Конституция күніне және 1-қыркүйек Білім күніне арналған іс шара	Мәдениет сарайы, үлкен зал құттықтау, кездесу	Қыркүйек 2025 ж.	Кафедра меңгерушілері, топ эдвайзері, декан орынбасары
1.2	2025-2026 оқу жылының топтағы тәрбие жұмысының жоспарын талдау және бекіту	Ұйымдастыру жұмыстары	Қыркүйек 2025ж.	Топ эдвайзері, Топ студенттері
1.3	Топтағы студенттердің жатақханаға орналасу ережесіне сай жақатханаға орналасуын қадағалау және жатақхана регламентіне сай барлық талаптарды орындауын түсіндіру, пәтерде тұратын студенттердің толық мекен-жайын алу	Ұйымдастыру жұмыстары	Қыркүйек 2025ж.	Топ эдвайзері, Топ студенттері

1.4	Студенттік өзін өзі басқару жұмысы бойынша белсенді студенттер құрамын және жұмыс жоспарын бекіту.	Ұйымдастыру жұмыстары	Қыркүйек 2025ж.	Топ эдвайзері, Топ студенттері
1.5	Студенттік өзін өзі басқару жұмысы бойынша белсенді студенттердің жұмыстарын қадағалау	Бақылау	Жүйелі түрде	Топ эдвайзері
1.6	Тәрбие жұмысын дамыту және жетілдіру шараларын ұйымдастыру және қатысу (семинарлар, дөңгелек үстелдер, конференциялар және т.б.) Жыл бойы	Ұйымдастыру жұмыстары	Қыркүйек 2025ж.	Топ эдвайзері, Топ студенттері
1.7	9 мамыр «Ұлы Жеңіс» күні	Тәрбие сағаты	Мамыр 2026 ж.	Топ эдвайзері, Топ студенттері
<b>2. АЗАМАТТЫҚ – ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ БАҒЫТЫ</b>				
2.1	«Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті» тақырыбы бойынша жастар арасындағы түсіндіру жұмысын жүргізу.	Дөңгелек үстел	Қазан 2025ж	Топ эдвайзері, Топ студенттері
2.2	«Заңды білу-заман талабы» №1,2,3 жатақханадағы факультет студенттерімен мәдени іс-шаралар мен кездесулер ұйымдастыру	Дөңгелек үстел	Қазан 2025 ж. Сәуір 2026 ж.	Студенттік деканат құрамы, топтың белсенді студенттері
2.3	«Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Бұйрықтарымен таныстыру және «Адалдық кодексі» туралы ақпаратты кеңінен насихаттау	Факультет деңгейінде іс-шаралар	Қыркүйек-Ақпан 2025 ж.	Студенттік деканат, Эдвайзерлер,
	Жасөспірімдер, жеткіншектер арасында «буллинг», «кибербуллинг»	№1, 2, 5 жатақханаларда тәрбие сағаттарын өткізу	Жыл бойы	Топ эдвайзері, Топ студенттері
	Жастар арасындағы әділдік пен жауапкершілік мәдениеті	Факультет деңгейінде тәрбиелік іс-шара	Наурыз 2026ж.	Топ эдвайзері, Топ студенттері
	Ұлттық киім мен ою-өрнек – мәдени мұраның көрінісі	Факультет деңгейінде ұлттық киімді насихаттау	Наурыз 2026ж.	Топ эдвайзері, Топ студенттері
<b>3. РУХАНИ, АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БАҒЫТЫ</b>				
3.1	Жасөспірімдер, жеткіншектер арасында «буллинг», «кибербуллинг» және зорлық-зомбылыққа қарсы студенттер арасында кездесулер, дәрістер	Дөңгелек үстел	Қазан 2025ж	Топ эдвайзері, Топ студенттері

	ұйымдастыру.			
3.2	Оқытушы құрамы мен студенттер арасында «Жанымызда жүр жақсы адам»	Тәрбие сағаты	Қараша 2025ж	Топ эдвайзері, Топ студенттері
3.3	Қазіргі қоғамдағы отбасы тәрбиесінің рөлі мен маңызы	Факультет деңгейінде тәрбиелік іс-шара	Желтоқсан 2025ж	
3.4	Адал адам-Адал еңбек-Адал табыс атты тәрбие сағат	Тәрбие сағаты	Ақпан 2026ж.	Топ эдвайзері, Топ студенттері
3.5	Тәуелсіздік бәрінен қымбат	Тәрбиелік іс-шара	Желтоқсан 2025ж	Топ эдвайзері, Топ студенттері
<b>IV. ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТЫ ӨМІР САЛТЫ</b>				
4.1	«Денің сау болсын десең спортпен айналыс!»	Тәрбие сағаты	Желтоқсан 2025ж.	Топ эдвайзері, Топ студенттері
4.2	Студенттер арасында Факультет көлемінде ұйымдастырылған спорттық ойындарға қатысу	Спартакиада	Қыркүйек 2025 ж. Мамыр 2026ж.	Университет деңгейінде
<b>V. КӨРКЕМДІК-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БАҒЫТЫ</b>				
5.1	Білімгерлерге арналған «Ұлттық өнер – ұрпақ тәрбиесінің негізі» туралы ақпаратты кеңінен насихаттау.	Ағымдағы жұмыстар	Қаңтар 2026 ж Мамыр 2026 ж	Топ студенттері, Парасат орталығы
5.2	«Заманауи мәдениет пен жастардың эстетикалық талғамы» тақырыбында дөңгелек үстел	Дөңгелек үстел	Мамыр 2026ж.	Декан орынбасары, топ эдвайзері мен студенттер
<b>VI. АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ</b>				
6.1	«Ақпарат құрал емес – жауапкершілік» атты тәрбие сағаты	Ақпараттық-насихат жұмыстары	Жыл бойы	Кафедра меңгерушілері, топ эдвайзері, декан орынбасары
6.2	Факультет көлемінде жұмыс атқаратын «Орда» студенттік клубтың іс-шараларына қатысу.	Жоспарлау Ұйымдастыру жұмыстары	Жыл бойы	Клуб жетекшілері, Топ студенттері

#### Атқарылған мәдени, тәрбиелік, қоғамдық іс-шаралар.

Топ тәлімгерлері топ журналын (Ф-ТБ-001/003) талапқа сай жасақтап 02.09.2025 факультет №1 хаттамасымен бекітілді. Оның ішінде білімгерлер тізімі, тақырыптық жоспар, білімгерлердің қосымша іс-шараларға қатысуы, мекен жайы қарастырылған.

#### Қыркүйек айында

1.1. 2025-2026 оқу жылының топтағы тәрбие жұмысының жоспарын талданып, бекітілді.

1.2. Топтағы студенттердің жатақханаға орналасу ережесіне сай жақатханаға орналасуы қадағаланып, жатақхана регламентіне сай барлық талаптарды орындауы түсіндіріліп, пәтерде тұратын студенттердің толық мекен-жайын алынды.

1.3. Студенттік өзін өзі басқару жұмысы бойынша белсенді студенттер құрамы және жұмыс жоспары бекітілді.

1.4. Тәрбие жұмысын дамыту және жетілдіру шаралары ұйымдастырылды.

1.5. «Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту

министрлігінің Бұйрықтарымен таныстыру және «Адалдық кодексі» туралы ақпаратты кеңінен насихаттау түсіндірме жұмысы жүргізілді.

*Қыркүйек айында* тәрбие жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Жатақханаға мұқтаж студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету мәселесі талқыланды. Ата-анасынан айырылған тұл жетім студенттердің тізімі түзіліп, әлеуметтік жағдайлары анықталды. ХҚТУ студенттерінің ар-намыс кодексімен, университеттің академиялық саясатымен, қызығушылығы бойынша үйірмелерге қатысу мүмкіндіктерімен таныстырылды.

### **Қазан айында**

**2.1.** «Құқықтық тәрбие негіздері» тақырыбы бойынша жастар арасындағы тәртіп мәселесіне байланысты, студенттің құқықтары мен міндеттері, тәртіп бұзушылық және ол үшін жауапкершілік шаралары түсіндірілді, шетелдік студенттердің Қазақстанда жүріп тұру ережелері айтылды.

**2.2.** №1,2,3 жатақханадағы факультет студенттерімен мәдени іс-шаралар мен кездесулер ұйымдастырылды.

**2.3.** «Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті» тақырыбы бойынша жастар арасындағы түсіндіру жұмысы жүргізілді.

**2.4.** Тарих кафедрасының ұйымдастыруымен Жасөспірімдер, жеткіншектер арасында «буллинг», «кибербуллинг» байланысты №1, 2, 5 жатақханаларда тәрбие сағаттарын өтті. Студенттер толық қатысып, мәліметтер алды.

**2.5.** 28.10.2025 жылы АҮУ FEST іс-шарасы (1 курстарды студенттер қатарына қабылдау) өтті. Студенттер қатысты.

*Қазан айында*, студенттер болашақ тарихшы ретінде қаламыздағы мұражайларға барды. Сонымен қатар жас өскелең ұрпақтың тарихи санасын ояту және отансүйгіштік сезімін арттыру мақсатында «Туған өлкемнің тарихы мен археологиялық ескерткіштері мен үшін маңызды» деген тақырыпта экскурсия ұйымдастырылды.

### **Қараша айында**

**3.1.** №1,2,3 Жатақханаларды аралау, студенттердің тұрмыс-тіршілігі қадағаланды. Рейдтер жүргізілді.

**3.2.** 25 қараша күні Академиялық істер жөніндегі проректор Э.Идрисова ханым ХҚТУ студенттерінің ар-намыс кодексімен, университеттің академиялық саясатымен, адалдық кодексімен таныстырды.

**3.3.** Оқытушы құрамы мен студенттер арасында «Жанымызда жүр жақсы адам» атты тәрбие сағаттары өткізілді.

*Қараша айында* ғылыми практикалық конференцияға студенттердің қатысуы қадағаланды. Оларға студенттік практикаға қатысудың маңыздылығы түсіндірілді. Студенттердің екінші аралық бақылауға дайындығы тексерілді. Оқытушының платонус жүйесіне жүктеген бөж тақырыптарына байланысты өзіндік жұмысты дайындап оны дер кезінде порталға жүктеу керек екендігі айтылды. Сонымен қатар өткен сабақтарды қайта шолу керек екендігі түсіндірілді. Бұл жұмыстардың емтиханда жоғары баға алуға себеп болатындығы ескертілді.

### **Желтоқсан айында**

**4.1.** Қазіргі қоғамдағы отбасы тәрбиесінің рөлі мен маңызы атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

**4.2.** Қыздар жатақханасының оқу залында «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты факультет арасында іс-шара ұйымдастырылды.

**4.3.** Топ тәлімгері тарапына студенттерге жатақхана ережесі мен тәртібін түсіндіру мақсатында Рейдтер жүргізілді. «Денің сау болсын десең спортпен айналыс!» атты іс-шара ұйымдастырылды.




*Желтоқсан айында* аралық бақылау, емтихан сессия басталуына байланысты емтихан ережелерімен таныстырылды. Студенттердің екінші аралық бақылауға дайындығы тексерілді, емтиханға байланысты оқу бөлімі тарапынан ережелер

түсіндірілді. Оқытушының платонусқа жүктеген бөж тақырыптарына байланысты өзіндік жұмысты дайындап оны дер кезінде порталға салу керек екендігі айтылды. Өткен сабақтарды қайта шолу керек екендігі түсіндірілді. Бұл жұмыстардың емтиханда жоғары баға алуға себеп болатындығы ескертілді. Сонымен қатар білімгерлерге ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында қолданылып жүрген заманауи әдіс-тәсілдердің барысымен таныстыру жұмыстары жүргізіліп, ғылыми ізденіске деген қызығушылықтарын арттыру жұмыстары жүргізілді.

Кафедра меңгерушісі:

 А.Джумадуллаева

Топ тәлімгерлері:

 Н.Каттабекова  
 Б.Сыздықов  
 А.Оспанова  
 Ш.Нурманова